Ұ Й Ғ А Р Ы М

2024 жылы 20 тамыз іс № 7119-24-00-2/7341 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева талап қоюшы талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкеріне, «Тулеуова» дара кәсіпкеріне, «Альянс» дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 27 маусымдағы шешімімен талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылған. «Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылған. «Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілген. «Тулеуова» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылған. «Тулеуова» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Сотқа талап қоюшыдан жауапкер «Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкерінің атауын дұрыс бегілеуді сұрап арыз түскен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады. Сот шешімдегі қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды өз қалауы бойынша, іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Бұл ретте сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болып табылмайды.

Судья азаматтық істің материалдарын зерделеп, АПК-нің 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот актілеріндегі қате жазулар түзетуге жатады деп тұжырымға келеді.

АПК-нің 235-бабының 2-бөлігін, 268-бабын басшылыққа алып,

ҰЙҒАРДЫ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының

Құжатқа қол қойылған Ебенбаева Э. Е., 20.08.2024

жауапкер «Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы азаматтық іс бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 27 маусымдағы шешіміне келесі түзетулер енгізілсін: жауапкер «Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкері мәтіні бойынша жауапкер «БЕДЕЛБЕКОВА АЯЖАН» дара кәсіпкері» деп жаңа редакцияда көрсетілсін.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына жеке шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Судья Э.Ебенбаева

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 20.08.2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 маусым іс №7119-24-00-2/7341 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкері,
«Тулеуова» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Белдебекова Аяжан» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Тулеуова» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Тулеуова» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, олар шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 27.06.2024

Заңды күшіне енгізілген: 06.08.2024, судья Ебенбаева Э.Е., 06.08.2024

7119-24-3-1/6725